

**Саудадағы техникалық кедергілер, санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ақпарат орталығын құрудың және оның жұмыс істеуінің қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 шілдедегі N 718 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 387 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Үкіметінің 08.06.2021 № 387 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.10.2019 № 802 қаулысымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған Саудадағы техникалық кедергілер, санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ақпарат орталығын құрудың және оның жұмыс істеуінің қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.10.2019 № 802 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасының  
Үкіметінің  
2005 жылғы 11 шілдедегі  
N 718 қаулысымен  
бекітілген

**Саудадағы техникалық кедергілер, санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ақпарат орталығын құрудың және оның жұмыс істеуінің қағидалары**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.10.2019 № 802 қаулысымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Саудадағы техникалық кедергілер, санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ақпарат орталығын құрудың және оның

жұмыс істеуінің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Саудадағы техникалық кедергілер, санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ақпарат орталығын (бұдан әрі - Ақпарат орталығы) құру және оның жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

2. Ақпарат орталығы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің "Қазақстан стандарттау және метрология институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – кәсіпорын) құрылымдық бөлімшесі болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 02.10.2020 № 639 қаулысымен.**

3. Ақпарат орталығы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы, "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі, "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы, "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі, "Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы" 2014 жылғы 14 қазандағы заңдарын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді және осы Қағидаларды басшылыққа алады.

4. Ақпарат орталығы мүдделі тараптар мен шет мемлекеттерге олардың сұрау салуы бойынша:

1) қолданыстағы немесе әзірленіп жатқан техникалық регламенттер, ветеринариялық-санитариялық, санитариялық және фитосанитариялық шаралар (бұдан әрі – СФС шаралар), стандарттар, оларға енгізілетін өзгерістер және өнімнің көрсетілетін қызметтің сәйкестігін растау рәсімдері;

2) Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға және стандарттау, сәйкестікті растау, аккредиттеу, ветеринария, санитария және фитосанитария саласындағы халықаралық екіжақты және көпжақты сипаттағы шарттарға мүшелігі немесе қатысуы;

3) әзірленіп жатқан және қабылданған техникалық регламенттердің, стандарттардың жобаларын, ветеринариялық-санитариялық, санитариялық және фитосанитариялық шараларды және өнімнің көрсетілетін қызметтің сәйкестігін растау рәсімдерін немесе олар туралы ақпаратты жариялау көздері туралы консультация беру, құжаттардың көшірмелерін және ақпарат беру мақсатында Дүниежүзілік сауда ұйымының (бұдан әрі – ДСҰ) хатшылығымен, ДСҰ-ға

мүшелермен стандарттау жөніндегі халықаралық және шетелдік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау үшін құрылады.

5. ДСҰ хатшылығымен және ДСҰ-ға мүшелермен Қазақстан Республикасының ДСҰ-дағы міндеттемелеріне байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау ДСҰ мәселелері жөніндегі Ақпарат орталығы арқылы жүзеге асырылады.

6. Ақпарат орталығының негізгі міндеттері:

1) саудадағы техникалық кедергілер (бұдан әрі – СТК) және СФС шараларды қолдану бойынша заңды және жеке тұлғалармен ақпарат алмасудың жедел жүйесін құру;

2) СТК саласында және СФС шараларын қолдану бойынша ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады.

7. Ақпарат орталығы қызметінің негізгі түрлері:

1) ДСҰ Хатшылығын, ДСҰ-ға мүше елдерді, Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттерді, халықаралық ұйымдарды және басқа мүдделі тараптарды:

әзірлеу процестерімен байланысты хабарламалар, қабылданған (бекітілген) және қолданысқа енгізілген техникалық регламенттер, ветеринариялық-санитариялық, санитариялық және фитосанитариялық шаралар, стандарттар, оларға енгізілетін өзгерістер және өнімнің, көрсетілетін қызметтің сәйкестігін растау рәсімдері;

техникалық регламенттердің талаптарын, сондай-ақ ветеринариялық-санитариялық, санитариялық және фитосанитариялық талаптарды, оның ішінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру нәтижесінде бұзу фактілері;

міндетті талаптарды, оның ішінде техникалық регламенттердің талаптарын бұзу салдарынан адамның өмірі мен денсаулығына, мүлікке, қоршаған ортаға, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігі мен саулығына зиян мен нұқсан келтіру (осы нұқсанның ауырлығын ескере отырып) фактілері;

техникалық регламенттердің талаптарын, сондай-ақ ветеринариялық-санитариялық, санитариялық және фитосанитариялық талаптарды бұзуды жою үшін қабылданған шаралар;

халықаралық ұйымдардан және үшінші елдерден алынған, адамның өмірі мен денсаулығына, мүлікке, қоршаған ортаға, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігі мен саулығына қауіп төндіретін өнім;

қолданыстағы бақылау және инспекциялау рәсімдері, өндіріс пен карантин қағидалары, пестицидтер мен тағамдық қоспалардың рұқсат етілетін деңгейін мақұлдау рәсімдері;

қауіпті, бұл ретте ескерілетін факторларды бағалау, сондай-ақ ветеринариялық, санитариялық немесе фитосанитариялық қорғаудың тиісті деңгейін айқындау рәсімдері;

карантиндік, фитосанитариялық, санитариялық және эпидемиологиялық және эпизоотиялық ахуалдың және уақытша енгізілетін шаралардың нашарлауы;

анықталған және таралған карантиндік объектілер (карантиндік зиянды ағзалар);

халық арасында инфекциялық және жаппай инфекциялық емес аурулардың (улануларды) анықталуы;

адамның өміріне, денсаулығына және оның тіршілік ету ортасына қауіптілігі анықталған өнім;

бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкес келмейтін бақылаудағы тауарлардың ықтимал келіп түсуі;

техникалық реттеу, ветеринариялық-санитариялық, санитариялық және фитосанитариялық шаралар бойынша жұмыстарды үйлестіретін ұлттық органдар ;

аккредиттеу жөніндегі орган;

сертификаттау бойынша аккредиттелген және (немесе) тағайындалған органдар және аккредиттелген сынақ зертханалары (орталықтары);

техникалық реттеу, ветеринариялық-санитариялық, санитариялық және фитосанитариялық шаралар саласындағы мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары;

сәйкестік сертификаттары және сәйкестік туралы декларациялар;

техникалық реттеу, ветеринариялық-санитариялық, санитариялық және фитосанитариялық шаралар саласындағы халықаралық құқықтық құжаттар;

техникалық регламенттерді әзірлеу бағдарламалары;

ұлттық (мемлекеттік) стандарттарды әзірлеу бағдарламалары (жоспарлары);

өнімнің техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растау үшін ерікті түрде қолданылуы мүмкін өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, сондай-ақ ұлттық (мемлекеттік) стандарттар;

сәйкестікті бағалау (растау) саласындағы құжаттар;

сәйкестігін міндетті растауға жататын өнімдер туралы құжаттар;

жануарлардың қауіпті және карантиндік ауруларының тізбесі;

ветеринариялық бақылауға жататын тауарлар тізбесі;

карантиндік объектілер мен аса қауіпті ағзалардың тізбесі;

карантиндік фитосанитариялық бақылауға жататын карантиндегі өнімдердің ( карантиндегі жүктер, карантиндегі материалдар, карантиндегі тауарлар) тізбесі туралы ақпаратпен уақтылы қамтамасыз ету;

2) ДСҰ-ға мүше елдердің, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің және СТК бойынша әрі СФС шаралар бойынша басқа да халықаралық ұйымдардың ақпарат орталықтарымен ынтымақтастықты қамтамасыз ету;

3) СТК жөніндегі және СФС шаралар жөніндегі ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ететін дерекқор мен ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу және қалыптастыру болып табылады.

8. Ақпарат орталығының өңірлердегі қызметін кәсіпорынның филиалдары ( өкілдіктері) жүзеге асырады.

## **2-тарау. Ақпарат орталығының жұмыс істеу тәртібі**

9. Ақпарат орталығы ДСҰ Хатшылығынан, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерден және басқа да халықаралық ұйымдардан хабарламалардың келіп түсуіне қарай оларды тоқсан сайын уәкілетті органның ресми баспа басылымында (Ақпарат орталығының жаршысы) және ай сайын жалпы пайдаланылатын ақпараттық жүйеде ([www.memst.kz](http://www.memst.kz) немесе [www.wto.memst.kz](http://www.wto.memst.kz)) орналастыруды жүзеге асырады.

10. Ақпарат орталығы осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес хабарламаларды алғаннан кейін оларды 15 жұмыс күні ішінде шет тілінен ( ағылшын және басқа) мемлекеттік және орыс тілдеріне аударуды жүзеге асырады , сондай-ақ СТК бойынша және СФС шаралары бойынша алынған хабарламаларға мониторинг жүргізеді.

11. Ақпарат орталығы заңды және жеке тұлғалардың сұрау салуы бойынша оларды "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен әзірленіп жатқан, қабылданған техникалық регламенттер, стандарттар, өнімнің, қызметтердің сәйкестігін растау рәсімдері; санитариялық және фитосанитариялық шаралар, сондай-ақ оларға енгізілетін өзгерістер туралы мемлекеттік органдардың (әзірлеушілердің) ақпаратымен (түсініктемесімен) өтеусіз негізде қамтамасыз етеді.

12. Ақпарат орталығы ДСҰ Хатшылығының, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің және басқа да халықаралық ұйымдардың сұрау салуы бойынша, егер ратификацияланған халықаралық келісімдерде (шарттарда) өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында әзірленіп жатқан техникалық регламенттерге, стандарттарға, өнімнің, қызметтердің сәйкестігін растау рәсімдеріне; санитариялық және фитосанитариялық шараларға, сондай-ақ оларға енгізілетін өзгерістерге мемлекеттік органдардың (әзірлеушілердің) ақпаратын (түсініктемесін) береді.

13. Мемлекеттік органдар осы Қағидалардың 7-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат келіп түскен күннен бастап оны екі күн

мерзімде Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға жіберу үшін СТК және СФС шаралардың қабылдану немесе басталу шамасына қарай Ақпараттық орталыққа жібереді.

14. Ақпарат орталығы әзірлеушілердің деректері бойынша СТК және СФС шаралар саласындағы әзірленіп жатқан нормативтік құжаттар туралы хабарламаларды шет (ағылшын және басқа) тілінде жасайды және сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға жібереді.

15. Ақпарат орталығы СТК және СФС шаралар жөніндегі ақпаратқа қолжетімділікті және ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында дерекқорды және ақпараттық жүйені сүйемелдейді ([www.wto.org](http://www.wto.org)).